

Әуликөл ауданының әскерге шақыру учаскесіне 1992 жылы туған ер азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әкімінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 1 шешімі. Қостанай облысы Әуликөл ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 26 қаңтарда № 9-7-89 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 04-10/234 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімінің 12.04.2010 № 04-10/234 хаты).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабының негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Тіркеу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарды Әуликөл ауданының әскерге шақыру учаскесіне 2009 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейін тіркеуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облыстық ішкі істер Департаментінің Әуликөл аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) жасөспірімдерді әскерге шақыру учаскесіне тіркеу кезеңінде ұ с ы н а м ы з :

1) тізімге тіркелеуден қашқан азаматтарды іздеуді және ұстауды жүзеге асырсын ;

2) шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін күн сайын сағат 9.00-18.00 дейінгі уақытқа бір полиция қызметкерін бөлсін.

3. Село, поселке, селолық округтер әкімдері тіркеуге шақырылған ер балалардың тіркеу учаскесіне тіркеуден өту үшін қорғаныс істері жөніндегі бөлімге уақытылы келуін және әскерге шақыруға дейінгілерді әскери тіркеуге алуға көмекті қамтамасыз етсін.

4. "Әуликөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) 1992 жылы туған азаматтарды тіркеу жүргізуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету үшін аудандық бюджетпен бекітілген қажетті мөлшерде ақшалай қаржы бөлсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қуанышбаев Болатхан Ахметұлына жүктелсін.

6. Қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Ғаязов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК